

31 Қазан
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӨНЕРКӘСІПТІК КӘСІПОРЫНДАРЫНДА ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ОБЛЫС ӘКІМІ АСХАТ ШАХАРОВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ӨТКЕН ОТЫРЫСТА ҚАРАЛДЫ

АҚТӨБЕ ӨНІРІНДЕ ТАУ-КЕН ӨНДІРУ САЛАСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН 37 КӘСІПОРЫН ТІРКЕЛГЕН. ОНЫҢ ТӨРТЕУІНДЕ ЖҰМЫС ШАХТАЛАРДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ. ЖАЛПЫ, СОҢҒЫ ҮШ ЖЫЛДА ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУ ДЕҢГЕЙІНІҢ ТӨМЕНДЕУІ БАЙҚАЛАДЫ, ДЕП ХАБАРЛАДЫ ЕҢБЕК ИНСПЕКЦИЯСЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ АБДУХАТ МЫРЗАЛИН.



Қазіргі уақытта басқарма «Халықтық бақылау», «Тікелей бақылау» және «Vision Zero» нөлдік жарақаттану тұжырымдамасы сияқты өндірістік жарақаттануды төмендету жөніндегі жобаларды енгізу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Бұл жобалар өңірдегі көптеген кәсіпорында енгізілген. «Адам өмірі мен денсаулығы – мемлекет үшін ең басты құндылық. Жақында орын алған қайғылы оқиға өндірістегі қауіпсіздік ережелерін сақтамаудың салдары

екенін көрсетті. Өңірде жұмыс істейтін тау-кен және мұнай өндіру салаларының барлық кәсіпорнында бұған дейін көтерілген сұрақтарды, күн тәртібіндегі мәселелерді қайта қарау қажет. Анықталған кемшіліктер болса,

жою шарт. Еңбек қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылау күшейтілуі тиіс», - деп Асхат Шахаров жауапты мемлекеттік орган басшыларына тапсырма берді.

Ақтөбе облысы әкімінің баспасөз қызметі

«МӘҢГІЛІК ЖАСА, ҚЫРАН ЕЛІМ - ҚАЗАҚСТАН»

ТЕРЕҢ МАЗМҰНЫ МЕН МАҢЫЗЫ ЖАҒЫНАН ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕГІ САН АЛУАН, САЯСИ, РУХАНИ ТҰРҒЫДАН АЙРЫҚША ҚҰНДЫ АУҚЫМДЫ ІС-ШАРАЛАР КӨПТЕП ӨТКІЗІЛІП ЖАТҚАН ТӨУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДЕ АРАҒА ЖЫЛДАР САЛЫП, МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ҰЛЫТАУДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚҰРЫЛТАЙДАҒЫ ҰСЫНЫСЫМЕН ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ РЕТІНДЕ МӨРТЕБЕЛІ ОРНЫНА ҚАЙТА ҚОНҒАН РЕСПУБЛИКА КҮНІНІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР. ӨТКЕН АПТАДА АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ 25 ҚАЗАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН «МӘҢГІЛІК ЖАСА, ҚЫРАН ЕЛІМ ҚАЗАҚСТАН» АТТЫ САЛТАНАТТЫ ШАРА ӨТТІ.



«Мәңгілік жаса, қыран елім - Қазақстан» атты тақырыпты басты ұран еткен салтанатта аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев жұртшылықты айтулы мерекемен шын жүректен құттықтады. ҚР оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың Алғыс хатымен 25 педагог марапатталса, «Аманат» партиясы облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ербол Данағұловтың алғыс хатымен Райгүл Елеусінова, облыстық білім басқармасының басшысы Жайық Сұлтаннұлы Құрмет грамотасымен аудандық білім бөлімінің сектор меңгерушісі Есенгелді Бегалин, аудандық білім бөлімінің әдіскері Айдана Саркенаева марапатталды. Ауданымыздың дамуы мен өркендеуіне үлес қосып, тынымсыз еңбектерімен ерекшеленген, өз қызметтерінде ерекше көзге түскен

қызметкерлер аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Саян Сүлейменовтың алғыс хатына ие болды. Мерекелік шарада марапат одан әрі жалғасын тапты. «Панфилов Иван Васильевич Кеңес Одағының батыры» естелік мерейтойлық төсбелгісімен Ш. Берсиев атындағы орта мектебінің бастапқы әскери дайындық филиалының атқарушы Едіге Оразғалиев, «Нұрмағамбетов Сағадат Қожахметұлы Кеңес одағының батыры, Халық қаһарманы» мерейтойлық төсбелгісімен Ш.Бекмұхамбетова мектеп-гимназиясының бастапқы әскери дайындық ұйымдастырушы-оқытушы Нұрболат Тілегенов наградалды. Айтулы шара әрі қарай аудан өнерпаздарының мерекелік концертінде жалғасты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ «АШЫҚ ПІКІР АЛАҢЫНА» АЙНАЛДЫ



Ақтөбе облысы «Атамекен» Кәсіпкерлер Палатасының Ойыл аудандық филиалының ұйытқы болуымен жуырда аудандық прокуратураның аға прокуроры Нұрлан Төлепбергеновтің және аудан әкімінің міндетін атқарушы Саян Сүлейменовтің қатысуымен кәсіпкерлермен ашық пікірталас түріндегі жиын өтті. Кездесу барысында кәсіпкерлерді толғандыратын сұрақтар талқыланып, оларға заң талаптары бойынша түсіндірілді. Кәсіпкерлік қызметті іске асыру

кезіндегі жүйелі мәселелерді, әкімшілік кедергілерді анықтап, олардың шешу жолдарын талқылауды мақсат тұтқан «ашық диалогқа» аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының және басқа да мемлекеттік органдардың өкілдері мен аудан кәсіпкерлері қатысты.

Кездесу барысында аудандық прокуратураның аға прокуроры Нұрлан Төлепбергенов бүгінгі таңда кәсіпкерлердің құқығын

қорғау мен осы саладағы заң бұзушылықтарға жол бермеу мақсатындағы құқықтық негіздерге тоқталса, Саян Сапарұлы аудандағы кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен оған кәсіпкерлердің қатысуы және үлесі туралы нақты деректермен мысал келтірді. Сонымен қатар, «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы жаңа кәсіпкерлік бағытқа бет бұрған тұрғындар туралы да тілге тиек етті.

Ал, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Берік Майланов салық заңнама-

сында көзделген жеңілдіктер мен жалпыға бірдей декларацияны тапсыру тәртібі туралы түсіндірді. Сондай-ақ, кірістерді декларациялауды іске асыру көлемкелі экономикаға қарсы тұруға, мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлық деңгейінің төмендеуіне, салық базасын кеңейтуге және жеке табыс салығының бюджетке түсімін арттыруға, Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің салықтық мәдениетін арттыруға тигізетін ықпалы туралы баяндады.

Ал, кәсіпкерлер өздерін толғандырған сауалдарын жолдап, жан-жақты жауап алды.



ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР – ХАЛЫҚ ҚАМҚОРШЫСЫ



Бұл бүгінгі таңдағы тұрғындарымыздың әл-ауқатын арттырудағы өзіндік зор үлесі бар, өзінің жанқиярлық еңбегімен, қажымас қамқорлығымен қарттарға қызмет етіп, мүгедектерге, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға баға жетпес көмек көрсетіп жүрген мамандардың мерекесі. Әлеуметтік салада әртүрлі мамандық иелері жұмыс жасап жүргенімен, оларды біріктіретін ортақ нәрсе – жүрек жылуы. Расында, қоғамымыздың, өміріміздің тұрақтылығы мен әл-ауқаты көп жағдайда халықтың әлеуметтік қорғалу деңгейіне, әлеуметтік

келіпдіктерге байланысты болса, оның жүзеге асуы әлеуметтік қорғау жүйесінің мамандарымен тікелей байланысты. Бұл – үлкен жауапкершілік. Осы орайда аудан әкімінің міндетін атқарушы Саян Сапарұлы Сүлейменовтың алғыс хатымен бөлімнің әлеуметтік қызметкерлері марапатталды. Бөлім атынан қиындығы көп жұмысты еңсеріп жүрген аталмыш сала мамандарына зор денсаулық, халықтың әлеуметтік осал топтарын қорғау барысындағы қиындығы мол, бірақ сауапты істе табыс, бақыт пен амаңдық тілейміз!

БЖЗҚ ТУРАЛЫ ӨЗЕКТІ САУАЛДАР

Мен салымшыларға зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабарлау тәсілдері туралы білгім келеді.

Салымшы БЖЗҚ-ға телефон нөмірінің немесе тұрғылықты мекенжайының өзгергені туралы хабарлауға міндетті ме?

Қазір зейнетақы жинақтары туралы ақпараттандырудың ең жедел тәсілі – enprf.kz сайтындағы Жеке кабинет немесе БЖЗҚ ұялы қосымшасы арқылы интернет-ақпарат алу.

Егер бұрын салымшы өзінің жинақтары туралы ақпаратты пошта байланысы және (немесе) электрондық пошта арқылы алған болса, қазір бұл өзектілігі жоғалып бара жатқан әдістерден бас тартуға мүмкіндік бар. Ол үшін БЖЗҚ кеңсесіне барып, хабарлау тәсілін өзгерту (белгілеу) туралы келісімге қол қоюдың қажеті жоқ. БЖЗҚ сайтындағы немесе ұялы қосымшасындағы Жеке кабинетке кіру жеткілікті.

Оны қалай істеуге болатынын түсіндіріп өтейік:

- БЖЗҚ сайтындағы және ұялы қосымшасындағы Жеке кабинетке кіру кезінде авторланғаннан кейінгі ұялы салымшының (алушының) "пошта байланысы қызметтері арқылы" және (немесе) "электрондық пошта арқылы" ақпарат алу бойынша белсенді тәсілдерінің бар-жоғын автоматты түрде тексереді.
- Жоғарыда көрсетілген хабарлау тәсілдерінің екеуі немесе біреуі ғана болған жағдайда салымшыға:

"Сізге "БЖЗҚ" АҚ Жеке кабинеті арқылы (веб-сайт және ұялы қосымша) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алуға мүмкіндік берілуіне байланысты Сіз "БЖЗҚ" АҚ-ның зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты бұрын Сіз таңдаған "пошта байланысы арқылы" және (немесе) "электрондық пошта арқылы" таратуынан бас тарта аласыз" деген хабарлама шығарылады.

Атауы	Деректемелер
Бенефициардың БСК	NBRKKZKX
Бенефициардың ЖСК	KZ9212SKZT1002303300

Ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) салымшылар дербес немесе жұмыс берушілер арқылы екінші деңгейдегі банктер және "Қазпошта"АҚ бөлімшелерінен аударала алады.

Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуге келетін болсақ, олар Мемлекеттік корпорацияға аударылуы тиіс. Ал мемлекеттік корпорация, өз кезегінде, оларды өзекті деректемелер бойынша БЖЗҚ-ға аударады.

3.Мен 61 жастамын. Жақында интернетте зейнетақы жинақтарын ең төменгі шек есебісін мерзімінен бұрын алуға көмек көрсету бойынша қызметтер ұсынатын хабарламаны көрдім. Оларға сенуге бола ма?

Шынында да, қазір алаяқтардың әлеуметтік желілерде жалған ақпарат тарату жағдайлары жиілеп кетті.

Алаяқтар зейнетақы жинақтарын ең төменгі жеткіліктілік шегін (бұдан әрі – ТЖШ) есепке алмай-ақ пайдалану мүмкіндігі туралы жазады. Бұл таратылым "жалған ақпарат" – шындыққа сәйкес келмейді.

Зейнетақы төлемдерін зейнет жасына толғанға дейін (бұл ретте ТЖШ есепке алынбайды) Қазақстан Республикасының әлеуметтік Кодексында көзделген жағдайларда ғана алуға болады, атап айтсақ:

- Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен кезде;
- мерзімсіз уақытқа белгіленген 1 және 2 топ мүгедектігіне байланысты;
- сақтандыру компаниясымен жасалған зейнетақы аннуитеті шартын шеңберінде.

Зейнетақы жинақтарын тұрғын үйге және (немесе) емделу ақысын төлеуге тек Кодексте белгіленген жағдайларда ғана пайдалануға болады. Олар:

- ТЖШ-дан асатын зейнетақы жинақтары болған кезде;
- сақтандыру компаниясымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан жағдайда;
- егер Сіз әскери еңбек сіңірген зейнеткер болсаңыз;
- егер Сіз зейнетке жасыңыз бойынша шыққан зейнеткер болсаңыз және Сіздің жиынтық зейнетақыңыз жоғалған табысыңыздың кем дегенде 40% құрайтын болса. Бұл жағдайда сіз міндетті зейне-

•Келіскен жағдайда, салымшыға БЖЗҚ дерекқорындағы ұялы телефон нөміріне жіберілетін SMS-код арқылы бас тартуды растау мүмкіндігі беріледі.

- БЖЗҚ дерекқорындағы телефон нөмірі өзекті болмаған жағдайда, SMS-кодты алу үшін БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде сақталатын басқа ұялы телефон нөмірін көрсетудің мүмкіндігі бар.

Ақпарат алудың осы бір ескірген тәсілдерінен бас тартқан кезде салымшы өзінің зейнетақы жинақтарын Жеке кабинетіне кіріп тексеру және бақылау мүмкіндігіне ие бола алады.

Сонымен қатар, салымшы (алушы) ЖЗШ-дан үзінді көшірме алу үшін тікелей БЖЗҚ кеңселеріне жүгіне алады немесе үзінді көшірмені таңдалған кестеге сәйкес электрондық пошта арқылы, сондай-ақ, егер хабарлаудың осы тәсілі бұрын таңдалған болса, пошта байланысы қызметтері арқылы (жылына 1 рет) алуды жалғастыра алады.

Заңнаманың ережелеріне сәйкес, салымшылар Қордың өз міндеттемелерін орындауына әсер ететін барлық өзгерістер туралы (оның ішінде электрондық мекенжай, телефон нөмірі, тұрғылықты мекенжайы, банк деректемелері) БЖЗҚ-ға осындай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде хабарлауға міндетті. Өзгерістер туралы хабарлау мүмкіндігі БЖЗҚ интернет-ресурстарындағы Жеке кабинет арқылы да, БЖЗҚ кеңсесіне жүгіну арқылы да қолжетімді.

2.Ағымдағы жылдың қыркүйек айынан бастап ерікті зейнетақы жарналарын аудару деректемелерінің өзгергенін естідім. Солай ма?

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Банк-Клиент" қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесіне көшуінің аяқталуына байланысты, 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап зейнетақы жарналарын БЖЗҚ-ның тек жаңа деректемелері бойынша аудару қажет.

рықта табысты жұмыс тәжірибесіне және клиенттердің активтерін басқаруға, соңғы бірнеше жыл қорытындылары бойынша қаржы-шаруашылық қызметтің оң нәтижелеріне, зейнетақы активтерін инвестициялауға байланысты шығындарды жабу үшін меншікті капиталдың жеткілікті мөлшеріне ие болуы және уәкілетті органның тізіліміне енгізілген болуы керек. Бұдан басқа, ИПБ БЖЗҚ-мен зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы, сондай-ақ, БЖЗҚ және кастодиан банкпен үш жақты кастодиандық шарт жасасуы тиіс.

Қазіргі кезде зейнетақы активтерін басқару бойынша барлық талаптарға сай келетін ИПБ тізіліміне бес компания кіреді: "Jusan invest" АҚ, "BCC Invest" АҚ, "Сентрас Секьюритиз" АҚ, "Halyk Global Markets" АҚ, "Halyk Finance"АҚ. Олардың тізімі enprf.kz сайтында орналастырылған.

Зейнетақы активтерін басқарушылар – Ұлттық Банк пен ИПБ зейнетақы активтерін инвестициялаудың өзіндік стратегиясына ие. Олар инвестициялық портфельдің құрылымын инвестициялық декларация шеңберінде дербес айқындайды. Осылайша, ИПБ-лар зейнетақы активтерін инвестициялау үшін қандай қаржы құралдары пайдаланылатынын Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларына сәйкес рұқсат етілген тізбе шеңберінде өздері айқындайды. Бұл экономиканың түрлі секторларындағы, Қазақстандағы және шетелдегі түрлі валюталардағы қаржы құралдары болуы мүмкін.

МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ сенімгерлік басқаруына аудармас бұрын, олар туралы ақпаратпен танысып, инвестициялық декларацияларын мұқият зерделеуге кеңес береміз. Мұны www.enprf.kz веб-сайтындағы "Қызметтер" - "Инвестициялық портфельді басқарушылардың тізбесі" бөлімінде жасауға болады. МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі толық статистика да www.enprf.kz сайтындағы "Көрсеткіштер" - "Зейнетақы жинақтарын басқарушы компанияларға беру" бөлімінде қолжетімді. ИПБ инвестициялық басқаруы үшін инвестициялық кірістің 7,5% аспайтын мөлшерде комиссия алуға құқылы. Комиссиялық сыйақының нақты шамасын жыл сайын ИПБ басқару органы бекітеді және ол жылына көп дегенде 1 рет өзгеруі мүмкін. 2023 жылға арналған ИПБ комиссиялық сыйақысы туралы өзекті ақпарат enprf.kz сайтындағы "Қызметтер" - "Инвестициялық портфельді басқарушылардың тізілімі" бөлімінде орналастырылған.

Инвестициялық қалауыңызға неғұрлым сәйкес келетін ИПБ-ны таңдағаннан кейін БЖЗҚ-ға МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарын бір немесе бірнеше ИПБ-ға сенімгерлік басқаруға аудару туралы өтінішпен жүгіну қажет. Мұны enprf.kz сайтындағы Жеке кабинетте электрондық цифрлық қолтаңба арқылы немесе БЖЗҚ кеңселерінің біріне бару арқылы жасауға болады.

МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде аударылады. БЖЗҚ мәлімделген соманы ИПБ-ға аударғанға дейін оның күшін жоюға болады. Қарау мәртебесін Қордың сайтындағы Жеке кабинетте тексеруге болады.

МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарын бір ИПБ-дан екіншісіне жылына көп дегенде 1 рет аударуға болады. Егер сіз жинақтарды ҚРҰБ басқаруына қайтару туралы шешім қабылдасаңыз, онда зейнетақы жинақтарын МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен ҚРҰБ-тан ИПБ-ға бергеннен кейін бір жыл өткен соң ғана жүзеге асыра аласыз.

Салымшы зейнет жасына жеткенге дейін 10 жұмыс күні бұрын салымшының МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен барлық зейнетақы жинақтары Ұлттық Банктің инвестициялық басқаруына қайтарылады.Зейнетақы жинақтары Ұлттық банктің басқаруында болған кезеңде салымшы зейнет жасына жеткенге дейін инфляция деңгейін ескере отырып, зейнетақы жинақтарының сақталуына кепілдік қолданылады. Зейнетақы жинақтарын ИПБ сенімгерлік

басқаруына аудару кезінде мемлекеттің кепілдігі басқарушы компанияның зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі кепілдігімен ауыстырылады, ол нарықта қолданыстағы ИПБ басқаруына берілген зейнетақы активтерінің орташа өлшенген кірістілігі негізге алына отырып есептеледі. Зейнетақы активтері бойынша өлшенген кірістілік және орташа өлшенген кірістілік көрсеткіштері ай сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми сайтында есептеледі және жарияланады.

5.Мен Қырғызстан азаматы бола отырып, Қазақстан Республикасында жұмыс істеймін. Түсіндіріп жіберіңізші – ЕАЭО-ға кіретін мемлекеттер азаматтарының еңбек өтілі туралы мәліметтерді кім ұсынады?

Қазақстан Республикасында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 23 мамырдағы № 163, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 26 мамырдағы № 304 бірлескен бұйрығымен 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімді іске асыру бойынша құзыретті органның Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен өзара іс-қимыл ережесіне (бұдан әрі – Ереже) ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 04.03.2021ж. №62, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.04.2021 ж. №249 бұйрығымен бекітілген, 26.05.2023 ж. күшіне кірген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес:

- 1) "БЖЗҚ" АҚ, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 04.03.2021ж. №62, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.04.2021 ж. №249 бұйрығымен бекітілген, 26.05.2023 ж. күшіне кірген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.
- 2) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің құзыретті органынан еңбеккердің Қазақстан Республикасының аумағындағы еңбек өтілі туралы "Сұраныс" нысаны төмендегі кезең үшін түскен кезде:

- 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының құзыретті органы – "БЖЗҚ" АҚ сұраныс жіберген мемлекеттің құзыретті органына жауап жолдайды. Онда ақпараттық жүйедегі міндетті зейнетақы жарналары төленгені туралы деректер негізінде "Жұмыс өтілі туралы" нысан қоса беріледі.
- 1992 жылғы 13 наурыздан 1997 жылғы 31 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының құзыретті органы - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау комитеті - Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген мерзімдерде жұмыс берушіден (оның құқықтық мирасқорынан) немесе мұрағат мекемелерінен қажетті мәліметтерді, құжаттарды талап ету жөнінде іс-шаралар жүргізеді. Оларды алғаннан кейін мүше мемлекеттің құзыретті органына "Жұмыс өтілі туралы" нысанын толтыру арқылы жіберетін болады. Естеріңізге сала кетейік, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Келісім (Бұдан әрі – Келісім) 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді және еңбекшілер мен олардың отбасы мүшелеріне қатысты қолданылады.

Келісімнің ережелеріне сәйкес:

- еңбекшілердің зейнетақы құқықтарын қалыптастыру жұмысқа орналастырушы мемлекет азаматтарының зейнетақы құқықтарын қалыптастыру сияқты шарттарда және тәртіппен зейнетақы жарналары есебінен жүзеге асырылады (3-бап);
- Қазақстан Республикасында зейнетақы жарналарына БЖЗҚ-ға аударылатын зейнетақы жарналары жатады (1-бап);
- еңбекшілерге (отбасы мүшелеріне) зейнетақы тағайындау және төлеу құқығын іске асыру жұмысқа орналасқан мемлекеттің азаматтары үшін қолданылатын шарттар бойынша жүзеге асырылады (3-бап);
- Келісім шеңберінде тағайындалатын зейнетақы түрлері Келісімнің 2-бабында айқындалған.

БЖЗҚ САЛЫМШЫЛАРЫНЫҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІН ЖИНАУ ЖӘНЕ ӨңДЕУ ҮШІН КЕЛІСІМДЕРІ НЕЛІКТЕН ҚАЖЕТ?

Қазіргі кезде көптеген қызмет түрлерін алған кезде мемлекеттік және қаржылық құрылымдар пайдаланушының дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін сұрайды.

Салымшы (алушы) enprf.kz сайтындағы немесе БЖЗҚ ұялы қосымшасында Жеке кабинетіне кірген кезде БЖЗҚ осындай келісім беру туралы неге бір рет сұраныс жасайтынын біліп жүзейік.

БЖЗҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде 2013 жылғы 21 мамырдағы N 94-V "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтауға міндетті.

Заңға сәйкес меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ, үшінші тұлға дербес деректерді жинау мен өңдеуді уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімімен ғана жүзеге асырады. Заңның 7-бабының 5-тармағында және 9-бабында (7-бабының 1-тармағы) көзделген жағдайлар бұған жатпайды.

Атап айтсақ, егер ақпаратты жариялау Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген, дербес деректерді жинау және өңдеу әкімшілік құқық бұзушылық, атқарушылық іс жүргізу туралы істерді қозғап, қарайтын құқық қорғау органдарының, соттардың және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметін жүзеге асыру үшін қажет болса, сондай-ақ, мемлекеттік органдар дербес деректерді міндетті түрде иесіздендіру шартымен статистикалық мақсаттар үшін пайдаланған кезде, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарды іске асыру және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайлар.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

ПОЧЕМУ НЕОБХОДИМО СОГЛАСИЕ ВКЛАДЧИКОВ ЕНПФ НА СБОР И ОБРАБОТКУ ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ

Сегодня при получении многих видов услуг государственные и финансовые структуры запрашивают согласие пользователя на сбор и обработку персональных данных. Давайте разберемся, почему такое согласие необходимо, почему оно требуется, как его получить, что оно означает.

В соответствии с Законом о персональных данных Республики Казахстан, в том числе Закона Республики Казахстан «О персональных данных и их защите» от 21 мая 2013 года N 94-V.

В соответствии с Законом о сбор и обработка персональных данных осуществляется собственником и (или) оператором, а также третьим лицом только с согласия субъекта или его законного представителя в порядке, определенном уполномоченным органом. Исключение составляют случаи, предусмотренные пунктом 5 статьи 7 и статьей 9 (пункт 1 статьи 7) Закона, например, если публикация информации предусмотрена законами Республики Казахстан, сбор и обработка персональных данных необходима для осуществления деятельности правоохранительных органов, судов и иных уполномоченных государственных органов, которые возбуждают и рассматривают дела об административных правонарушениях, исполнительного производства, использования государственных органами для статистических целей с обязательным условием обезличивания, реализации международных договоров, ратифицированных Республикой Казахстан, и иные случаи, уста-

Дербес деректер туралы заңның 1-бабына сәйкес "Дербес деректерді өңдеу" ұғымы дербес ақпаратты жинауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға бағытталған әрекеттерді білдіреді. Бұл әрекеттерді БЖЗҚ қолда бар дербес деректерді қорғау және құпиялылық қағидаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Сонымен бірге жекелеген зейнетақы қызметтерін ұсыну БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде сақталатын мәліметтер негізінде ғана жүзеге асырылып қоймай, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне жүгінуді, мемлекеттік органдар және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалар жататын үшінші тұлғалардың ақпараттық жүйелерімен (дерекқорларымен) ақпарат алмасуды талап етеді.

Мысалы, өтініш білдірген адамның жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері осындай ақпарат алмасудың арқасында БЖЗҚ ақпараттық жүйесіндегі өзектілігін жоғалтқан емес. Мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимылдың және ақпарат алмасудың арқасында БЖЗҚ зейнетақы қызметтерін көрсету кезінде өтініш білдірген адамнан құжаттардың көшірмелерін және (немесе) қосымша ақпараттарды талап етпейді. Өрине, ол үшін, қажетті деректер мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттық жүйелерінде болуы тиіс.

Бір сөзбен айтқанда, БЖЗҚ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін жедел және тиімді қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді, алаяқтық деректерінің орын алуына жол бермейді.

Сіздің деректеріңіз жеке немесе басқа заңды тұлғаларға берілмейтінін де ерекше атап өткіміз келеді.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

ПОЧЕМУ НЕОБХОДИМО СОГЛАСИЕ ВКЛАДЧИКОВ ЕНПФ НА СБОР И ОБРАБОТКУ ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ

Сегодня при получении многих видов услуг государственные и финансовые структуры запрашивают согласие пользователя на сбор и обработку персональных данных. Давайте разберемся, почему такое согласие необходимо, почему оно требуется, как его получить, что оно означает.

В соответствии с Законом о персональных данных Республики Казахстан, в том числе Закона Республики Казахстан «О персональных данных и их защите» от 21 мая 2013 года N 94-V.

В соответствии с Законом о сбор и обработка персональных данных осуществляется собственником и (или) оператором, а также третьим лицом только с согласия субъекта или его законного представителя в порядке, определенном уполномоченным органом. Исключение составляют случаи, предусмотренные пунктом 5 статьи 7 и статьей 9 (пункт 1 статьи 7) Закона, например, если публикация информации предусмотрена законами Республики Казахстан, сбор и обработка персональных данных необходима для осуществления деятельности правоохранительных органов, судов и иных уполномоченных государственных органов, которые возбуждают и рассматривают дела об административных правонарушениях, исполнительного производства, использования государственных органами для статистических целей с обязательным условием обезличивания, реализации международных договоров, ратифицированных Республикой Казахстан, и иные случаи, уста-

ТӘЖІРИБЕДЕН ТҮЙІЛГЕН ТАЛАП

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫН ҚАЛЫПТЫ ӨТКІЗУДІҢ АЛҒЫШАРТЫ



Жылу беру маусымында да өрт оқиғасымен өрттен тараған көмір қышқыл газының улы екендігі айтылып, жазылғанымен әлі де болса немқұрайлықпен қараудамыз. Атап айтсақ, өткен 2022-23 жылдардың жылыту маусымында тұрғын үйдегі 2 өрт жағдайы тіркелді. Өрттердің себептері тұрғын үйдегі электр желісінің ақау-

лығынан орын алып отыр. Сондықтан, қазіргі кезден өрт қаупіне қарсы күрес жүргізіп оны болдырмаудың мүмкіндіктерін жасап отыруыңызды сұраймыз. Жоғарыда айтылғанның негізінде, аудан тұрғындары өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау басты назарда болуы керек.

Жылу беру маусымында орында-

луы тиіс талаптар:

1. Жылу беру маусымында пештер мен түтіндіктерді күйеден тазарту керек, жылу пештері үш айда бір рет, үздіксіз қозғалыстағы ошақ пен пештер екі айда бір рет, үздіксіз жағылатын ас үй плиталары мен басқа пештер айына бір рет тазартылуы тиіс;
2. Қатты отынмен жұмыс істей-

- тін пештерінде алдына 0,5 x 0,7 м кем болмайтын өлшемдегі металл табақпен қорғалған болуы тиіс;
3. Жылыту пештері ақаусыз есіктермен және жанғыш конструкциялардан нормаларда белгіленген өртке қарсы бөлгіштермен (жылжытқыштармен) қамтамасыз етілуі қажет;
4. Пешпен жылытуды пайдалану кезінде:
- от жанып жатқан пешті қараусыз қалдыруға, сондай-ақ оларды қадағалауды балаларға тапсыруға;
 - жағу үшін дайындалған отынды, сондай-ақ басқа да жанғыш заттар мен материалдарды пештің алдындағы табаққа орналастыруға;
 - қатты отын жағылатын пештерді жағу үшін тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолдануға;
 - пештерді шамадан тыс қыздыруға;
 - жанғыш заттар мен материалдарды (аяқ киімді, киімді, ағашты) пештер мен түтіндіктердің бетінен 0,5 м кем қашықтықта кептіруге;
 - ысырмаларды (жаппаларды) жобалау нормаларында көзделген ойықтарсыз қолдануға;
 - ақаулары, сызаттары мен саңылаулары бар пештерді жағуға жол берілмейді.

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

ТЕРІНІҢ ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРЫ



Дерматомикоздар ұсақ саңырауқұлақтар тарататын терінің жұқпалы ауруларының бір тобы. Бұл топқа эпидермофития, трихофития, микроспория, түрлі-түсті лишай т.б аурулар жатады. Эпидермофития – шап тұсында, қолда, аяқта, саусақ және башпай аралықтарында алақанда, табанда ұсақ бөртпелер сулы көпіршіктер немесе құрғақ қабыршақтартүрінде кездеседі. Жарақаттанған жер аздап қышып, кейде тері қабаттарысыдырылып, лас щан түскен кезде жақын жерде орналасқан без түйіндері ұлғайып жарақат іріңдеп, асқынуы мүмкін. Бөртпелер башпай арасына табанға шыққан кезде айналасындағы тері қызарып, ісіп, аяқ киім киюге қиыншылықтар келтіреді. Ауру көбіне-көп монша, бассейн сияқты көпшілік орындарда немесе науқас адамның аяқ киімін кигенде, жеке гигиена заттарын пайдаланғанда жұғады. Аурудың туындауына тершеңдік, башпай араларының тарлығы, аяққа өл-

шемі сәйкес емес аяқ киім кию де әсер етеді. Трихофития көбіне көп оқушылар арасында кездесетін ауру. Ауру таратушылар ауру белгілері бар ірі қара малдар, ит, мысық. Малдан да мал күтуші адамдар арқылы жұғуы мүмкін. Ауру бастың шашты бөлігін кейде жұмсақ теріні де зақымдайды. Баста, дененің кез-келген жерінде дөңгелек пішінді, беті ақшыл қабықтармен жабылған ошақтар пайда болады. Микроспория (теміреткі) балаларды жиі зақымдайтын аурулардың бірі. Себебі балалар итпен, мысықпен ойнағанды жақсы көреді. Ауру ит пен мысық арқылы немесе ауру адамның тарақ, бөрік, орамалжәне киімдер арқылы жұғады. Бұл ауру да бастың шашты бөлігін және жұмсақ теріні зақымдайды. Баста дененің кез келген жерінде беті асбест сияқты ұсақ қайызғақтармен жабылған, айналасы сәл кетерілген терімен көмкерілген ірілі ұсақты дөңге-

лекшеошпқтар пайда болады, үлкейіп көбейе бастайды. Дөрігерге уақытында қаралмайтын адамдар өз бетінше емделген болады. Бірақ ауру жұқтырушы саңырауқұлақтар шаштың түбінде орналасқандықтан көрер көзге жазылған сияқты болып көрінетін ошақтар жаңа шыққан шашпен бірге қайтадан пайда болады. Сондықтан аурудың алғашқы белгілері білінісімен дәрігерге қаралып, тағайындалған емді уақытында қабылдауға кеңес береміз. Ауруды дер кезінде анықтап, тыңғылықты жазылып кету үшін ата-аналардың жауапкершілікті үлкен орын алады. Кейбір ата-аналар міндетті түрде біреуді кінәлағанды дұрыс деп санайды. Мектептен жұқты, балабақшадан жұқты деп мекемелерді кінәлап жатады. Мектеп пен балабақша ешқашанда ауру таратпайды, оған барып жүрген сіз бен біздің балаларымыз. Егер өзіңіз балаңызға дер кезінде көңіл аударып, көрініп тұрған ауру бел-

гісін байқаған сәтте дәрігерге көрінсеңіз, аурудың өзге адамға жұғуына тосқауыл қоясыз. Және бір маңызды мәселе - режимнің сақталуы: яғни сабаққа бармау керек, басқа балалармен ойнамау керек деп түсіндірілсе ол жай сөз емес, аурудың алдын-алудың шарасы екенін ұғуыңыз керек. Ұстаздарға да бір құлаққағыс: оқушы бағдарламадан қалып барады деген желеумен баланы сабаққа шақыру дұрыс емес. Сөз соңында аурудың алдын алудың бір-ақ жолы тазалық шараларын сақтау: Моншаға су өткізбейтін резеңке аяқ киім ала бару, өзгенің ысқыштарымен жуынбау, сүлгілерімен сүртінбеу, өзгенің киімдерін (бас киім, аяқ киім т.б.) кимеу т.с.с. Жеке бас гигиенасының қарапайым талаптарын орындау сіздің жұқпалы тері ауруларынан сақтануыңыздың бірден-бір келілі!

Ә. ИБРАШЕВА,
Ойыл аудандық ауруханасының
дәрігер-дерматологы.

КҮЗГІ ТАЗАЛЫҚҚА - БӘРІМІЗ ҮЛЕС ҚОСТЫҚ!

САРБИЕ АУЫЛЫНДА КҮЗГІ САНИТАРЛЫҚ-ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕКІ АЙЛЫҚ НАУҚАНЫ ЖҮРГІЗІЛДІ. САНИТАРЛЫҚ-ТАЗАЛЫҚ ШАРАСЫ АЯСЫНДА ӨТКЕН СЕНБІЛІКТЕ АУЫЛДЫҢ БАРЛЫҚ БӨЛІГІ ТАЗАРТЫЛДЫ



Ауыл ішіне сенбілік жұмыстары жүргізілді. Барлық мемлекеттік мекемелер қолдарына арнайы қолғап киіп, тырма алып жерге түскен жапырақтардан бақшаларын, айналарын тазартса, тұрғындар күл-қоқыстарын жинады. Барлық ауыл тұрғындары өз аула аумақтарын ретке келтіріп, аулаларын күл-қоқыстан тазартты. Сенбілік жұмыстарына білек сыбана кірісіп, ауылды көркейту, абаттандыру жұмыстарына өз үлестерін қосты. Көшелер сыпырылып, тазартылды. Балалар ойнайтын алаң, Шағын футбол алаңы, "Аманат" саябағының іші де тазартылды. Ауылдың сыртын көркейту жұмыстары да жасалып, 150 түп тал егілді.

"Жастар" аллеясының алдына өрнектас төселді. Ауылдың

ішін жинап қоймай, сыртына да сенбілік жұмыстары жүргізілді. Құлаған талдарды алып, тұрмыстық қалдықтарды жинап, барлығын қауіпсіздік шараларын сақтай отырып өртеді. Жалпы ауылымызда ұйымшылдықпен өткен тазалық акциясы алдағы уақытта да жалғасын табатын болады. «Тазалық - денсаулық кепілі» дегендей, ауылымыздың таза болғаны осы ауылда тұратын халықтың денсаулығына да әсер ететіні анық. Сондықтан әр кез ауылымызды кіре берісінен бастап таза ұстауымыз керек. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, ауылдың көрікті болуын қалайтын әр адам бұл іске үлес қосуы тиіс.

Жеңіс ЕРЖІПТОВА,
Сарбие ауылының тұрғыны.

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл селпосы
Ғұсман Жұмбергелулы
(01.11.1938 ж – 27.08.2021 ж)

Әкеміз көзі тірі болғанда 85 жасқа толар еді. Қара шаңырағыңыз, ұрпағыңызбен жалғасуда. Сіздің бейнеңіз жыл өткен сайын жүрегімізге сағыныш отын ұялатып, орныңыздың ойсырап қалғаны жанымызға батады. Артыңызда дұға қылар ұрпағыңыз барда сіздің есіміңіз мәңгі өлмейді, өшпейді. Әкеден асқар жоқ екен, Әкенің сөзі оқ екен. Қарайып жүрсе қасыңда, Уайым-қайғы жоқ екен. Өзің жайлы айта алмаймыз тауысып, Ел айтады, жұрт айтады жарысып. Көпшіліктен алған алғыс, сауабың, Жатқан шығар, рухыңменен қауышып. Бәйтеректей әулетке сая болған, Бөрінен де мейірімін аямаған. Жәннатта жаның болсын, рухың биік, Өзіндей қайда бізге аяулы адам. **Еске алушылар: Зайыбы, балалары, нөмере, шөберелері.**

Ойыл селпосы
Серікбай Шығырбайұлы Шабиков
(04.11.1960ж -17.11.2021ж)

Тең келмейтін алтын да еш қолдағы, Өзің едің, әке, үйдің зор бағы. Жарық берер айымыздай көктегі, Болушы едің жанымыздың қорғаны. Біздер үшін асқар едің, шың, асқақ, Сенсіз қалды жанымыз да тым ақсап. Жанарларды жәудіретіп мәңгілік, Кеттің, Әке, жанымыздан жырақтап. Жадымыздан өшпес мәңгі, Өкешім, Анаға жар, ал біздерге әкесің. Немерең де, жан жарың мен қыздарың, Бәрі сені сағынуда, Әке шын. Шырақ едің, сәуле едің, ай едің, Жаның толы, мейірімге бай едің. Ілім-білім, тәрбиеге қаныққан, Үлгі алар ер атына сай едің. Жанға бермес, біртуарым, еренім, Жар едің ғой, әке едің, ер едің. Жан әкем-ау, әке едің, ер едің. Жан әкем ау, жанға батып жоқтығың, Сабылумен сағынуда ел ерін. Сен кеткенде жанарларда жылап тым, Жігеріміз кетті сынып, сұлап мың. Жан Өкешім жаның болғай әрқашан, Ең ерекше, ақ төрінен жұмақтың! Қадірлі де қымбатты Өкеміз тірі болғанда 63 жасқа келер еді... Амал нешік, тағдырға мойынсұнып, дұға етеміз. Елге сыйлы, еңбекте абыройлы болған Өкеміздің жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Өкешім біз сені жақсы көреміз!!!
Еске алушылар: Жұбайы, қыздары.

Газет Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және Даму
министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру
және Ақпарат комитетінде
2016 жылдың 21 қаңтарында
тіркеліп,
№15790-Г куәлігі берілген.

АТАСЫНАН АДАСТЫРМАҒАН АДЫРАСПАН



ТӨРДІҢ ТӨРЕСІ БОЛҒАН АДЫРАСПАН

Бала күнімізден тұмаурата қалсақ, анамыздың адыраспанмен аластап, түтінімен тыныстатқаны көбіміздің есімізде болар. Одан қала берді, ауылда кез келген үйдің төрінде бір бума адыраспан ілулі тұратын. Ойын баласы болсақ та, үлкендердің ыңғайымен адыраспанды қадірлеуді үйреніп өстік. Өлі есімде, ауылда адыраспаннан қызыл бояу жасайтын ата болатын. Адыраспанның гүлі төгіліп, сап-сары боп құраған кезде ауыл бала-шағасын жинап, алдымен мәмпәсі таратады. Қорасында қаз-қатар ілулі тұратын дорбаларды шетімізден таратады. Қолымызға дорба ұстатып тұрып: "Ал, балалар, адыраспанды жұлмас бұрын не деу керек?" деп сұрайды. Біздер тұра қалып: "Ассалаумағалейкум Адыраспан, мені саған жіберді Омар Оспан, Жанға дәру, дертке шипа болғай, Жамандықтан сақтай гөр, сабылыстан" деп жамырай жөнелеміз. Ұмытпағанымызға риза боп, адыраспан жинауға жібереді. Ата таратқан мәмпәсиді таңдайға тастап жіберіп, адыраспан қайдасың деп шапқылай жөнелеміз. Ауыл шетіндегі адыраспанды дорбаға нықтап әкеп береміз. Бояуды қалай жасайтынын көрмеппін. Баламыз ғой? Жинап келгеннен соңғы процесс бізді қызықтырмайтын.

ЖАУДАН ҚҰТҚАРҒАН АДЫРАСПАН

Бірде әкеме: "Адыраспанды жұлдарда сертін айтпаса болмай ма? Еститіндей адыраспанның құлағы жоқ қой?" дегеніме: – Балам, әзіреті Оспан әскермен жорыққа аттанып бара жатып, жол-жөнекей түнейді. Оспанның қалың қолмен келе жатқанын естіген жау, жасырын кеп ұйықтап жатқан әскердің аттарын босатып жібереді. Ерттеулі атсыз алысқа бара алмайсың. Үдере қашқан жылқының арасынан әзіреті Оспанның аты бір түп адыраспанға шылбыры оратылып, кете алмай қалыпты дейді. Оспанның аты тұрған жерге босай қашқан жылқылар түгел жиналып, үйіріліп тұрыпты дейді. Шылбыры оратылған адыраспанды Оспан дорбасына салып алады. Жауын жеңіп оралған соң, Пайғамбарға болған жайды баяндап, шөпке "адыраспан" деп ат қойғанын айтады. Адыраспанның жасаған қызметіне риза болған Пайғамбарымыз: "Әскерімді аман алып қалған адыраспан, менің үмбетіме қызмет етсін" деп дем салған екен. Пайғамбардың өзі дем салған шөпті сертін айтпай жұлға болмайтыны содан, деген болатын. **ЖҮННІҢ РЕҢІН ЖАНДЫРҒАН** Аналарымыз күзде киіз басарда бояушы атаның үйіне қарай ағылатын. Адыраспанның бояуымен боялған жүннің түсі қып-қызыл нартай боп жайнап шыға келетін. Киіз басу басталғанда апап түсінен "тіл-сұқтан қалас боп, киізім түзі шықсын" деп, адыраспанды түтіндетіп қоятын.

Ауыл шетінде өсетін қалың шиден апаларымыз ши тоқиды. Жаз айында есік алдына киіз үй тігіледі. Құрт-құмырсқа кіріп кетпесін деп іргеге ши тұтады. Ши құрап кетпес үшін міндетті түрде адыраспанның бояуына бояйтын. Алыстан нартай қызыл түс "мен мұндалай" көз тартатын. Біздерге: "әзіреті Оспанның ықыласына ие боп, Пайғамбар дем салған" деп, адыраспанды аяқпен басуға қатаң тыйым салатын. Адыраспан көре қалсақ, міндетті түрде айналып өтетінбіз. Мал емдеуге таптырмайтын қасиетін көріп өстік. Ауыл шетінде түйекеш көке тұратын. Бірде маған адыраспан теріп беруімді өтінді. Құраған адыраспанды тамырына тиіспей, сабағынан ғана жұлаттынбыз. Тамыры келесі жылғы адыраспан теріміне қалатын. Бір дорба ғып әкеп берген адыраспанды түйекештің әйелі дәу қазан қайнап тұрған суға тоғытып, қайната бастады. Сөйтсем, қотыр болған ботаны адыраспанның тұнбасымен емдейді екен. Көршіміздің бәйгеге қосатын айғыры болды. Бірде айғыры зәрін шығара алмай, қиналады. Сол кезде шелек-шелек адыраспанның тұнбасын ішікізгенде зәрі жүріп, жаны кірген айғырдың қуанышты кісінегені өлі күнге көз алдымда. Көктемде небір улы шөптер өсіп кететін белгілі. Бір күні сиырымыз екі бүйірі солығып, жем-шөп жеуден қалды. Мал дәрігерін шақырттық. Сөйтсек, ішектері құрттаған екен. Дерев адыраспанды қайнатып, тұнбасын шелегімен ішікізіп, үй айналдыра қуындар деген тапсырма алдық.Басқысы келмеген сиырдың жанын қоямыз ба? Шыбықпен тырқырата қудық. Ақырында ішегіне кептелген құрттар саталасымен бірге атып шықты. Жаны кірген сиыр мөңіреп сала берген болатын. Міне, қараңызшы, елеусіз өсетін қарапайым адараспанда қаншалық емдік қасиет бар?!Әсіресе есімнен кетпейтін, өкемнің басының сақинасы болатын. Жазы аптап Созақ өңірінің шіліңгір шілдесінде сақинасы жиі ұстап қалатын. Сол кезде апап, шөкім адыраспанды аққұманға демдеп бере қоятын. Шөй орнына ішкен өкем терлеп-тепшіп, жастығына қисая бере лезде ұйықтап кетеді. Оянганда көзі шайдай ашылып, басы қойып, рақаттана жұмысына шапқылап кететін. Ауылда денесіне жара шыққандар дәрігердің орнына бояу алатын атаның үйіне ағылатын. Қандай маймен қосатынын білмеймін, адыраспанның ұрығын талқандап қосып, май жасап беретін. Майды жаққан сөттен жаны кіріп, айналдырған екі-үш күнде жарасы төгіліп жататынын қуана айтатын. Осы күні зерттеп қарасам, зығыр майын қосады екен. Тісі опырлған ата-әжелеріміз қызыл мегі қабынғанда адыраспанның тұнбасын дөкеге малып, қызылиегіне басып отырғанын талай көрдік. **КӨКТЕЙ ЖҰЛЫНҒАН КӨК** "Денең ауырлап, бойың сергімей қойса, үйдің ішін адыраспанмен

аластап жіберу керек" дегенді анамнан естіп, көріп өскендіктен, үйімнен адыраспанды үзбеймін. Адыраспаным таусылып, базарға сатып алуға бардым. Әдеттегі адыраспан сататын жерге келсем, зіңгіттей жігіт ауылдан әкелген нән қап адыраспанды сатушыға санап өткізіп жатыр екен. Шетінен көк. Пісіп жетілмеген. Гүлі төгілмек тұрмақ, ашылып үлгермеген. "Бауырым, обал-ай, мынауың көк қой?!" Адыраспанды көктей жұлғанның сұрауы барын білесің бе?" дегеніме естігенім: "Апа, гүлін төккенін күтем деп жүріп ақшадан қағылар жайым жоқ?!" деген ащы кекесін болды. "Тым құрыса, адыраспанның сертін айтып жұлдың ба?" дегеніме бақырая қараған көзден, білмейтінін ұқтым. Көбі тіптен тамырымен жұлынып кеткен. Менің ренішімді тұсымнан өтіп бара жатқан кісі естісе керек, бұрылып қасыма келді. Мән-жайға қаныққан соң, "Мен сіздерге адыраспанның қасиетіне көзім жеткен бір оқиғаны айтайын" деп, әңгімесін бастады. Ауылында бір қария бар екен. Жалғыз ұлы Астанаға қызметке кетіп, кемпірі екеуі ғана тұрып жатады. Он жыл бұрын ұлы жол апатынан қаза тауып, аңырап қалады. Келіні ұлынан қалған жалғыз тұяқ немересін ата-енесіне бермейді. Ұлының жылын бергенде келіні мен немересін соңғы рет көріп тұрғанын сезгендей бір тал адыраспанды "көрген кезде ата-әжеңді есіңе алғайсың" деп, немересінің кішкентай фотоальбомының арасына салып жібереді. Қайынжұртпен арасын шорт кескен келін, күйеуге шығады. Немересін көруге зарыққан қариялар құдайға жалбарына үміттеніп, жолға қараумен ғұмырын өткізіп жатады. Мына қызықты қараңыз, немересі мектеп бітіретін кешіне фотолар топтамасын жасамақ болады. Кішкентай күнгі фотоальбомын ашқанда, арасынан баяғы бір тал адыраспанды көреді. Адыраспанды атасы бергені есіне түсіп, не керек, ауылға атасы мен әжесін іздеп келеді. Өлгені тіріліп, өшкені жанған қос қарияның қуанышында шек жоқ. "Немерем келді" деп қуанғаннан ат шаптырып, той жасады. Ата-әжесінің күйін көрген немересі анамыздың келіссөз жүргізіп, осында қалды. Бүгінде Шымқаладағы оқу орнында оқып жатыр. Немересі келгені қариялар өмірге қайта келгендей жасарып кетті. Міне, бір тал адыраспанның қасиеті?" деп, әңгімесін аяқтады. Бейтаныстан естіген жайтқа бәріміз таң-тамаша қалдық. Қызыға тыңдаушылар арасынан бір егде әйел: "Бала күнімізде адыраспанды көктей жұлға болмайды. Көктей жұлса, адыраспан "Көктей жұлғанның өзі көктей солсын" деп налиды" дегенді еститімін деп, сөзін аяқтады. Осы кезде адыраспанды толық санап өткізіп үлгерген жігіт; "Өй, сіздерде бір қайдағы ертегіні тауып алып, миды ашыта береді екенсіздер? Отырайын сол, әр адыраспанға жарамазан айтып?!" деген күйі, қолын бір сілтеп кетіп қалды. "Еһ, ақшаға құныққан адамның көзі қасиетті көрместей ашкөздікпен байланып қалады ғой?" деген бейтаныстың сөзін тұрғандар іштей құптадық. Өлемге аты мәшһүр Ибн Сина сегізкөз жүйкесі қабынуына қарсы емге қолданған адыраспанның ревматизм, безгек ауруы, жүйке ауруларын емдеуге таптырмайтын дәрумен екенін ғалымдар мойындап, фармацевтика саласында қолданысқа алғаны көңілді қуантады. Кез келген дәріні асыра қолдансаң уға айналары сөзсіз. Бүгінде адыраспанның қолдану тәсілін білетін ересектер азайғандықтан, арнайы кеңеске сүйенбей қолдануға болмайды. Құрамында улы гармин мен гармалин, гүлі мен сабағында пегарин алколоидтары болғандықтан, дәрігердің нұсқауымен қолданған жөн. Ал, үйді жағымсыз энергетикадан аластату үшін, адыраспанды қаншама түтесеніз де еркінсіз. Көңіліңіз әркез сергек болсын! **Интернет ірілімінен**

ТӘУЕЛСІЗДІК - БАБАЛАРДЫҢ ЖЕҢІСІ

Еркіндікпен көркейеді ел іші, Тәуелсіздік - сан ғасырлар жемісі. Тәуелсіздік – елдігіміздің бастауы, Тәуелсіздік - бабалардың жеңісі. Қалды бізге бабалардан жарқын із, Маған қымбат берекелі салтымыз. Желбіреп көк байрағым аспанымда, Бақытпенен тыныстайды халқымыз. Еркіндігім орын алдың санадан, Бір өзіңе бас иеді бар адам. Мектебімді аяқтап, маман болып, Отанымға «кірпіш болып қаланам». **Жарқын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ, Ш.Берсиев атындағы орта мектеп кітапханасының жанындағы «Жас тілшілер» клубының мүшесі.**

Құттықтау

Сарбие ауылының тұрғыны
Ұлағатты ұстаз, аяулы жар, асыл өже
Айнамкөз Қаршығақызы Сүйесіноваға!



Алпыстың біріне қадам басып, зейнеткерлік жасқа да жеттіңіз. Сара жолыңызды - алдыңызға келген шәкірттеріңізге білім беріп, Сапақкөл орта мектебіне арнадыңыз. Еңбегіңіз әрқашан еленіп, жетістіктерге жеткен қуанышты күндеріңіз қаншама... "Білімнің кілті - бастауышта" деп, тарыдай болып келген балапандарыңызды 14 рет «Алтын ұясынан» ұшырдыңыз. Еңбегіңіз еленіп құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын! Еткен еңбегіңіз бен төккен теріңіз аз емес. Ендігі сол еңбектің зейнетін көріп, ауырмай-сырқамай немере, шөберенің ортасында "аяулы әже" деген атты иеленіп жүре беріңіз! Құрметті демалысыңыз 100 жасқа дейін ұлассын!

Ізгі тілекпен, Сапақкөл орта мектебі және бастауыш кәсіподақ ұйымы

ЖАСТАР ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ЖЫРЛАДЫ




25 қазан Республика күніне орай "Қыран елім - Қазақстан" атты патриоттық акциясы аясында аудандық жастар ресурстық орталығының жылдық жоспарына сәйкес, 14-35 жас аралығындағы жастар арасында Отан, Тәуелсіздік тақырыбында "Тәуелсіздік - бәрінен қымбат" атты өлеңді жатқа айту байқауы өтті. Байқауға Қараой, Қайыңды, Саырлжын ауылдық округтері және аудан орталығынан әртүрлі сала-

да қызмет ететін жастар, барлығы 13 жас қатынасты. Шараны аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев мерекелік құттықтау сөз сөйлеп ашып берді. Қатысушы жастарға сәттілік тіледі. Отанды, Тәуелсіздікті жырлау - азаттықты жырлау, тарихымызды жырлау, ұлт болашағын жырлау, жастардың намысы мен рухын оятар сөзсіз. Сондықтан да биылғы мүшәйраның тақырып аясы барынша

кең, Республика күніне арналған өлеңді жатқа айту байқауына қатысқан жастарымыз әр түрлі мамандық иесі болсада барынша кең түрде өлеңдерін ерекше шабытпен жеткізді. Өте әсерлі кеш болды. Байқаудың әділ қазылары - Ойыл ауданы әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев, Ойыл балалар музыка мектебінің директоры Ляззат Сабыржанова, аудандық орталықтандырылған кітапханасының директоры Гүлжазира Дауленовалар болды. Байқау қорытындысы нәтижесінде жүлделі І орынды Қайыңды ауылдық округінің жасы Ақнұр Айтқалиева иеленсе, II орынды аудандық ауруханасының эпидемиолог дәрігері Гаухар Самалбекқызы қанжылады, III орын Қараой ауылдық округінің 10сынып оқушысына бұйырды. Барлық қатысушылар орталық тарапынан ынтыландыру сыйлығына ие болды. Шара соңында орталық басшысы Жангүл Бақытжанқызы байқауға қатысқан барша жастарды мерекемен құттықтап, алғыс білдірді.

ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКА БЮРОСЫ «2021 ЖЫЛҒЫ ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ» ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖИНАҚТАРЫН ЖАРИЯЛАЙ БАСТАДЫ



Ұлттық статистика бюросы stat.gov.kz ресми сайтында «2021 жылғы халық санағының» соңғы қорытындыларын жариялай бастады. Тақырыптық жинақтар талдаушылар үшін құнды дереккөз болып, барлық қажетті деректерді ержей-тегейлі зерттеуге мүмкіндік береді. Сайтта келесі бағыттар бойынша барлығы 9 жинақ жарияланады: -«Қазақстан Республикасының халқы» (1-2 том) - «Қазақстан Республикасындағы Ұлттық құрам, Діни наным және тілдерді меңгеру» - «Қазақстан Республикасындағы білім беру» -«Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру құралдарының кірістері мен көздері» -«Халықтың көші-қоны» -«Қазақстан Республикасы халықтың жұмыспен қамтылуы» (1-2 том)

сының халқы» (1-2 том) - «Қазақстан Республикасындағы Ұлттық құрам, Діни наным және тілдерді меңгеру» - «Қазақстан Республикасындағы білім беру» -«Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру құралдарының кірістері мен көздері» -«Халықтың көші-қоны» -«Қазақстан Республикасы халықтың жұмыспен қамтылуы» (1-2 том)

-«Неке және отбасы» - «Қазақстан Республикасындағы үй шаруашылықтары» -«Қазақстан Республикасындағы халықтың тұрғын үй сипаттамалары» Бүгін сайт пайдаланушылары үшін «Қазақстан халқы» жинағының бірінші және екінші томы бойынша талдаушылар атап өткен негізгі қорытындыларды ұсынамыз